

Оқушылардың республикалық олимпиадасына іріктеу (облыстық кезең)

II тур
9-сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25 ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	<i>Еділ мен Жайық жер еді-ау Мекен еткен шаруаға. Жағасы қорған жай еді-ау! Жай қоныстан айырылып...</i> Үзінді қай өлеңнен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.
2.	Қазақ әдебиеті	1. Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз. <i>Көлде жүрген қоңыр қаз, Қыр қадірін не білсін? Қырда жүрген дуадақ, Су қадірін не білсін?</i> 1. Шешендік сөздің қай түріне жатады? 2. Автордың айтайын деген негізгі ойы қандай? 2. Мәтінді оқып, метафора, эпитет пен теңеулерді көрсетіңіз? <i>Жорғамын шаршы топта самғайтұғын, Бәйгі аттай серпінімді шалмайтұғын, Әнімді он екі звод жіберейін, Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын. Ежелде құлаш мойын көк айылмын, Ылауға алты күнге талмайтұғын. Болатпын екі жүзді, жетем құрыш Шапса да қара тасқа таймайтұғын... Ой желке, қамыс құлақ, қара көкпін, Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын (Біржан).</i>

		<p><i>Тамағым жас баланың білегіндей, Иығым тік сандалдың тірегіндей. Бет алдым кеудесіндей қоңыр қаздың, Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей (Сара).</i></p>								
3.	Қазақ тілі	<p>1. Ресми стиль, жанрлары, тілдік-стильдік белгілері. 2. Көркем әдебиет стилінің басқа стильдерден өзгешелігі неде? 3. Құрмалас сөйлемнің қалыптасып, дамуы. 4. Ыңғайлас салаластың мағыналық белгісі мен жасалу жолдары. 5. Берілген сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық түрлерін ажыратып, байланысу тәсілін түсіндіріңіз: а) <i>Жанына батыра бірдеңе айтып салғысы келіп еді, қапелімде аузына ондай ызғарлы сөз де түсе қоймады.</i> ә) <i>Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас: қардың суы сықылды тез суалар.</i> б) <i>Жаугершілікте ата-анасы басқа жаққа ауып кетті де, бала менің қолымда қалды.</i> в) <i>Өзгеңнен гөрі менің жаным қаттырақ ауырар еді: бұл егін дәнін қолымнан мен септім зой.</i></p>								
4.	Қазақ тілі	<p>Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.</p> <p><i>«Оғыз-қаған» дастаны – түркі тектес халықтардың ежелгі шежіресін генеалогиялық аңыздар негізінде көркем тілмен баяндайтын эпостық туынды. Бұл дастан ауыз әдебиеті үлгісімен әуелде ауызша жасалып, бертін келе қағазға түсірілген сияқты. Бір қызығы – дастанда алғашқы қауымдық құрылыс кезінде, ғұндар дәуірінде, тіпті орта ғасырда орын алған сан қилы тарихи оқиғалар өзара үйлесіп, жалғасып жатады.</i></p> <p><i>Алдымен «оғыз» сөзінің мән-мағынасын айқындап алайық. Бұл сөзді Еуропа және орыс ғалымдары «огуз» десе, араб-парсы тілдерінде – «гузз», әзірбайжан тілінде – «огуз», ал қазақша – «оғыз» деп жазылып жүр. Көне түркі тілінде «огуз» сөзі – уыз, уыздас, сүттес деген мағынаны берген.</i></p> <p><i>Оғыз қаған – ғұндардың көсемі Мөденің әдеби бейнесі деуге болады. Сол себепті Мөденің тарихи тұлғасы туралы бірер сөз айта кетейік. Мөде – ғұндардың атақты билеушісі, патшасы, тәңірқұты. Әкесі Тұман б.з.б 206 жылы қайтыс болғаннан кейін патша тағына отырады. Мөденің билік жүргізген кезеңі ғұндар мемлекетінің алтын дәуірі саналады. Бұл кезде ғұндар Хань (Қытай) әскерін күйрете жеңіп, оларды «тыныштық және туыстық туралы шартқа» қол қоюға мәжбүр етеді.</i></p> <p style="text-align: right;"><i>Н.Келімбетов</i></p> <p>1. «Уыздас», «сүттес» сөздерінің мағынасын ашыңыз.</p> <p>2. Кесте бойынша мәтіннің стильдік белгілеріне талдау жасаңыз.</p> <table border="1" style="width: 100%; margin-top: 10px;"> <thead> <tr> <th>Стилі</th> <th>Қолданылу аясы</th> <th>Стильдік сипаты</th> <th>Тілдік белгілері</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>	Стилі	Қолданылу аясы	Стильдік сипаты	Тілдік белгілері				
Стилі	Қолданылу аясы	Стильдік сипаты	Тілдік белгілері							

5.	Тіл мәдениеті	Сәлем – сөздің анасы.

- *Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут*